

көбінесе сол жамбасына жатқызып жерлейтін болған. Атасу кезеңінде бір қоршаудың ішінде бірнеше қабір кездеседі. Бұл бір атаның балалары жерленген патриархалдық жерлеу орындары. Айшуақ кешенінің қоршауы осының дәлелі. Мұнда алты адам бір үлкен зиратқа жерленген, сонымен қатар кейіннен қайтыс болған туыстарын осы қоршауларға жапсырлас етіп салынған қоршауларда жерлеген. Жақын туыстарын зиратына жапсырлас жерлеу ғұрпы қазақтарда қазірге дейін кездеседі.

Орталық Қазақстандағы мыс кендерінің бай қоры ірі, күшті металлургия ошағының дамуына негіз болды. Қоланың кейінгі кезеңі Орталық Қазақстанда жаңа мәдениет – Беғазы-Дәндібай құрылуымен белгілі. Бұл мәдениетке тән бір қасиет ол бірінші жағынан, онда жаңа элементтер: мазарлардан айрықша типі өзіндік ерекшелігі бар жерлеу дәстүрі, қыш ыдыс-аяқтардың жаңа түрлері пайда болды. Мәйттерді бүктеліп жатқызып қоюмен бірге, оларды шалқасынан жатқызып қою да кездеседі[5].

Беғазы-Дәндібай дәуірінде адамдардың өмірінде мәнді өзгерістер болған. Андронов кезеңіндегі мал шаруашылығының үй маңындағы түрінің орнына оның жайылымдық формасы қалыптасты. Мал шаруашылығының бұл түрі бойынша жайылымдар қысқы және жазғы деп бөлінген, қыста мал қоныс маңында ұстауда болады, ал жазда жайлауға айдалады. Шаруашылықтың мұндай әдісінде малмен бірге жазғы жайылымға қоныстың барлық тұрғындары немесе оның көп бөлігі кетеді. Беғазы-Дәндібай кезінде Қарқаралы өлкесінің тұрғындары малды, яғни сиыр, жылқы, ұсақ малды көптеп өсірген.

Қола дәуірінде Қазақстанды мекендеген тайпалар рулық тайпалық құрылыста өмір сүрді. Ру тайпалық құрылыстан бастап дамыған патриархалдық қоғам, мүлік теңсіздігі, әлеуметтік әрқилылық деңгейіне жетті.

Беғазы -Дәндібай кезеңінде үлкен патриархалды отбасыларға арналған, көп адам жерленген зираттардың орнына бір-ақ адам жерленген үлкен жерлеу құрылыстары кездеседі. Бұл сол кезеңдегі ру, тайпа көсемдерінің, беделді бай адамдардың зираты. Мүлік теңсіздігінің пайда болғанын қорым басшылары, ру тайпа көсемдерінің қабірінің биік әрі көлемі үлкен гранит тастармен қоршалуынан көруге болады. Жерлеу заттары да алтын мен қоладан жасалған, сән - салтанатымен ерекшеленеді. Қоғамда өндіргіш күштердің өсуінен әлеуметтік теңсіздік күшейе түсті. Бұған қоныстар мен молалардан табылған ескерткіштер дәлел бола алады[5].

Қорытындылай келе, бұл тақырып арқылы қола дәуірін тереңірек зерттедік десекте болады. Бұл дәуір адамзат өркениетінің дамуындағы үлкен өзгерістер кезеңі болды. Қола дәуірі кезінде адамзат мысты алғаш игере бастаған. Археологтар қола дәуірін зерттей отыра, осы кезеңнің шаруашылығын, әлеуметтік құрылымы мен тұрмысы туралы келешек ұрпақтарға құнды деректер қалдырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманқұлов Ж.Қ., Байгунаков Д.С. Қазақстанның қола дәуірі (зерттелу тарихы негізі мәселелері): Монография - Алматы: "КИЕ" лингвоелтану инновациялық орталығы, 2008. - 192 б.
2. К.М. Байпақов, Ж.К. Таймағамбетов, Т. Жұмағанбетов. Қазақстан археологиясы. - Алматы. Қазақ университеті, 2006.-72,83 б.
3. Талеев Д.А. Археология: Тарих, археология және этнология мамандықтарына арналған оқулық.- Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010.-96,98 б.
4. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы.- Алматы, "Қазақ энциклопедиясы", 1998 ж. - 2-Т.
5. <http://e-history.kz/kz>

ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН МИФОЛОГИЯ

Атығаев Б.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, профессор ассистенті Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

Қырқынан шығару. Иткөйлек ұғымы туралы.

Қазақ және өзге де түркі халықтарында тұрмыс салт қолданысындағы сандардың символикалық мәні бар. Олар: 3, 7, 40, 100.

Бұл сандар Құран, Библия, Таурат, Будда және Ежелгі жыр дастандар да кездеседі.

Соның ішін де 40 саны Түркі халықтарының түсінігінде – Өмір (жаңа туған нәрестенің туылуы) және осы түсінікке қарама-қарсы түсінік – өлім мәніне қатар қолданылады. Мысалға: Қырқынан шығару (Шілдехана, Шілде күзет), Қырқын беру (Қырқына ас беру) [1, 226-227].

Бұл 40 күн аралығы жаңа туған нәресте үшін де қайтыс болған адам үшін де аса маңызды уақыт арлығы. Неге деген сұраққа жауап берсем.

Түркі халықтарының түсінігін де нәресте дүниеге келген сәттен бастап Қырқынан шығарғанша бала жаны толыққанды бұл өмірге келді деп есептелмейді. Нәресте жаны әлі де өлілер әлемінде деп түсіндіреді, тек Қырқынан шығарғаннан кейін ғана (Шілдехана) нәресте жаны бұл өмірге толыққанды қабылданады. Өлген адамның Қырқысын беру салты да дәл осындай түсінікте жүргізілетін рәсім. Түркі сенімі (Тенгри) бойынша

өлген адамның жаны 40 күн ішінде бұл әлемді тастап кетпейді, осы күн аралығында адам жаны өзінің туысытарының жанын да болады. Тек Қырқын өткізген соң ғана адам жаны өлілір әлеміне аяқ басады [1, 106-108].

Бұл ақпаратты оқи отырып бізде сұрақ туындайды не себепті 40 күн, неге 30 не болмаса 50 күн емес. Бұл сұрақтың жауабы Түркі халықтарының күнтізбесімен (календарь) байланысты. Түркі халықтарын да үш күнтізбе бар. Олар: Күн күнтізбесі, Үркер күнтізбесі, Қарт-наурыз күнтізбесі.

Күн күнтізбесі – Наурыздың 22 күні (Наурыз мирамы) Амалшылар болжауымен жасалатын келер 4 мезгіл ауа-райының жәй-күйі.

Үркер күнтізбесі – Ай ғаламшарының Үркер жұлдызымен (Жеті қарақшы) тоғысуы сәтін де Амалшылар болжауымен жасалатын келер 4 мезгілдің жәй-күйі.

Қарт-наурыз күнтізбесі – ақпанның 22 күні Амалшылар болжауымен жасалатын келер 4 мезгіл ауа-райының жәй-күйі. Бұл күнтізбе Түркі империясы(552-603 жж.), Шыңғыс хан мен ұрпақтары билік құрған империя тұсында қолданылған.

Бұл күнтізбелік реттілік бойынша бір жыл аралығы 12 ай 30 күннен , не болмаса 9 ай 40 күнмен есептелінеді, қалған 5 күн Амал [2, 67-68].

12 ай * 30 күн = 360 + 5 күн Амал. Барлығы 365 күн

9 ай * 40 күн = 360 + 5 күн Амал. Барлығы 365 күн

Бұл жердегі 5 күндік Амал деп отырғанымыз Амалшылардың 5 күн бойы табиғат күйін бақылып, келер мезгілдің жәй-күйін анықтау процесі. Қазақ халқында бұл рәсім Бесқонақ деп те аталады.

Түркі халықтарында 40 санына байланысты мынадай күнтізбелік түсінік те бар. Ең ыстық уақыт аралығы (шілде айының 1-нен тамыз айының 10-на дейінгі аралық), ең суық уақыт аралығы(қаңтардың 1-нен ақпан айының 10-на дейінгі аралық.) байқап отырғанымыздай аралық уақыт 40 күнді құрайды. Бұл біздің күнімізге дейін жеткен ежелгі түркі күнтізбелік түсініктерінің, ұстанымдардың бір бөлігі.

Осы себептерге байланысты 40 саны символикалық мәнге ие. Аталған ақпаратқа тағы да мысалдар келтіре кетсем.

Қырық санын оң жағынан да кері жағынан да оқыған да сөз қайта қырық деп оқылады, сөз мәнін жоғалтпайды түркі халықтарының сенемін де (Тенгри) мұндай сөздер магиялық күштерге ие.

Ендігі кезекте Шілдехана рәсімінің мифологиялық мән-мағынасына тоқтала кетсем.

Зерттеулерге сәйкес Шілдехана сөзінің шығу тегі Ежелгі Парсылық «Чилле» сөзімен байланысты. Чилле Парсы тілінен аударғанда «қырық» деген мағынаны береді. Сөздің екінші мағынасы Софылардың жаратушы күшке құлшылық жасайтын орны (Жертөле). Бір қызығы бұл құлшылық 40 күн бойы орындалады[3, 104-105].

Шілдехана рәсіміне дейін ана мен бала 40 күн арлығын да физиологиялық және мифологиялық тұрпатта қорғалады. 40 күндік шектеу, бұл уақыт арлығын да киіз үй ішіне сырт адамның кіруіне, баланы өзге туыстарына көрсетуге, сүйгізуге, ұстауына болмайды. Ана үй шаруасына араласа бермейді. Енесі келіні мен немересінің денсаулығына қамқор болады. Ананың белі, буындары, сүйектері қалпына келегенше, жағдайы жақсарғанша. Нәрестені күн сайын тұзды суға жуындырып, денесін құйрық маймен сылайды. Тұзды су нәрестенің денсаулығын жақсартады.

Ислам діні енгеннен кейін бала туған ананың қолынан ас ішу харам болып есептелінеді деген түсік енді. 40 күн өтпейінше ана қолынан ас ішілмейді.

Түркі халықтарының мифологиясын да ана мен нәресте үшін зұлымдық келтіретін Албасты, Қарақұс сынды киіпкерлер бар. Бұл зұлым күш иелері жаңа туған нәрестенің жанын ұрлап әкетеді, нәтижесін де жанынан айырылған нәресте қайтыс болады деген сенім кең етек жайған. Осы мифологиялық сенім ге байланысты көп түркі халықтарын да жаңа нәресте туған үй ішін де 3 не 40 күн арлығында жарық (от) сөндірілмейді. Мифологиялық күштерден қорғалады. Бұл тұста Түркі сеніміндегі (Тәңір) Ұмай ана, От ана образдарын (Ана мен баланы қорғаушы мифологиялық күштер) атап өтуге болады [4].

Шілдехана рәсімі ер балалар үшін ертерек жүргізіледі нәресте туылған күннен кейін 37, 38 күндері, мәні ер бала болашақта тез шешім шығыра алатын, батыл азамат болып өссін деген сенімде. Қыз баланың Шілдеханасы керісінше 41, 42 күндері кешеуілдеп жасалады, мәні қыз бала сабырлы, ұстамды, шыдамды болсын деген түсінікте. Бұл қыз баласының болашақ келін, ана міндетін атқарған да қажет ететін мінез-құлық формаларына байланысты [5].

Сонымен қатар Түркі мифологиялық сенімін де жаңа туған нәрестені ит, ән, от, Шаман (Бақсы) дұғасы сақтап, қорғайды деген түсінік бар. Сондай ақ баланы зұлым күштерден, кісі көзінен сақтайды деген сенім де балаға қарыншаш қалдырылады. Қарыншаш үш түрлі формада жасалады. Біріншісі айдар (бас бөлігінің төбе шашын өсіру, өру), екіншісі кекіл (мандай бөліктегі шашты қалдыру), үшіншісі тұлым (бастың екі самай бөлігінен шаш қалдыру) көп жағдай да қыз балалар үшін жасалады [6].

Түркі халықтарын да үй итінің бала өміріне, көшпелі тұрмыс-тіршілік өмірін де алатын орны ерекше. Тіпті Шілдехана рәсіміндегі бірнеше рәсімдер ит атауымен байланысты. Мысалы: ит көйлек, ит аяқ, ит арба, ит мінезінен айырылу, ит жанды, иттің баласы және т.б. Бұл тұста бірнеше сұрақтар туындайды. Бұл рәсімдер мен сөз тіркестерін неге ит сөзі байланыстырады? кәзіргі күнгі ит мінез, иттің баласы деген қазақ сөздерінің мәні адам мінез-құлқын жаман сипатта көрсетеді, алайда бұл сөздердің бастапқы формасы біз ойлағандай негативті сипатта қолданылған ба?

Ит жануарының түркі халықтарының мәдениетінде алар орны, мәртебесі шынында биік болған, алайда бұл түсінік түркі халықтарына ислам дінінің енуімен ұмытылды. Ислам дінінде ит лас жануар, оны үйге кіргізуге не болмаса асырау құпталмайды, үй ішіне келген періштелерді қуып жібереді деген түсінік бар. Бұл өз кезегінде мысық жануарының мәртебесін көтерді. Бұл жерде тағы да сұрақ туындайды не себепті мысық жануарының исламда орны жоғары? бұл сұрақтың жауабы тек жануардың физиологиялық ерекшелігінде ғана емес, исламға дейін қалыптасқан ежелгі Египет патшалығының төрт мың ғасырлық діни мифологиялық түсінігімен байланысты. Өз кезегінде Египет патшалығының мәдениеті қол астындағы халықтарға әсерін бермей қоймады. Еврей халқын Египет тепкісінен азат еткен Мұса пайғамбар Иудаизм дінінің негізін қалап қана қоймай, одан кейін негізін салған Христиан, Ислам діндерінің қалыптасуына алғышарт жасады. Алпауыт бұл үш діннің түп тамырында ежелгі Египет патшалығының мифологиялық діни түсініктерінің қалдықтары жатыр. Соның бірі мысық жануарын пір тұту. Ислам да мысық жануарын ерекше пір тұтуының басты себептерінің бір осы [7].

Исламдық түсініктің мәні түсінікті, ал түркі халықтарындағы ит жануарының функциялық рөлінің өсуі немен байланысты? Осы сұраққа жауап берсек.

Иттер адаммен ең алғаш қолға үйретілген жануарлардың бірі. Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, иттер шамамен 15 000-30 000 жыл бұрын, мүмкін одан ертерек, қасқыр тұқымдастары қатарынан қолға үйретілген. Бұл үдеріс Азия мен Еуропаның кейбір аймақтарында, адамдар аңшылықпен айналысып жүрген кезде басталған деп есептеледі.

Иттерді қолға үйрету барысында адамдар оларды аң аулауда, мал бағуда және күзетте пайдаланды. Иттердің адалдығы, ақылдылығы және адамға жақын болуы оларды адамдардың ең сенімді серігіне айналдырды. Иттер тек үй жануарлары ғана емес, олар адамдардың өміріндегі маңызды қызметіне байланысты (көшу, аңшылық, мал шаруашылығы және қорғаушылық салаларында) артықшылықтарға ие болды. Осылайша ит адамға қайғысы мен қуанышында серік бола алатын, ауыр күндерде жанашыр дос бола білетін отбасы мүшесінің бір бөлігіне айналды.

Уақыт өте келе иттер түркі мәдениетіндегі мифологиялық сенімнің (Тәңір) құрамдас бөлігіне айналды. Түркі халықтарындағы иттің функционалдық рөлі тек тұрмыс-тіршілік қажеттіліктерін де ғана емес мифологиялық сенім түсінігінде үлкен функционалдық рөл атқара бастады [8].

Ендігі кезекте басты тақырып мәселесіне тоқталсақ.

Әлі күнге дейін шілдехана дәстүрінде қолданылатын бірнеше рәсімдердің түпкі мағыналық түсіндірмесі жоқ. Олар: нәресте құрметіне арналып тігілетін иткөйлек киімнің бұлай аталу себебі және ит мойнына аталған киім үлгісін байлап жіберу рәсімі. Осы мәселені қарастыра отырып рәсімнің мифологиялық түсіндірмесінің мәнін ашып көрсетелік.

Бұл тақырыпты түсінуде біз түркілік Тенгри (Тәңірі) сенімнің мәніне терең бойлаймыз. Тәңірлік сенім – адам мен табиғат объектілерінің үйлесімді өмір сүру формасы. Түркі халықтарындағы ырым-тиым, салт-жоралар осы түсінікпен аса тығыз байланысты. Мысалға айтар болсақ: жанып тұрған отты өшір ме, ағын суды бөге ме, суға түкір ме, көк шөпті жүл ма, ағашқа ақтық байлау және т.б. [9].

Бұл сенімнің тағы бір өспектісі түркі халықтарының шығу тегінің белгілі бір аң бейнесімен байланыстырылуы, көп жағдай да қасқар бейнесі. Түркілік жыр дастандар да Қобыланды батыр тотемі қабылан (леопард), Ертөстік ертегісіндегі батыр тотемі, қасқыр және көптеген эпостық жыр дастандардағы оқиғалық сюжет осындай формада. Мұндағы батыр бейнесінің қасқыр болмысымен байланысы тотемизм не болмаса ғылыми түсіндірмеде Зоомарфизм деп түсіндірілді. Жануар бейнесінің не болмаса тотемнің мінез-құлық қасиеттерінің адам бойына көшуі. Бұл терминге қарама-қарсы түсінік антропоморфизм, адам болмысының жануарға не болмаса затқа көшуі. Бұл терминге мақала соңында тоқталатын боламыз [10].

Түркі халықтарының осындай мифологиялық түсінігі аясында мынадай сенім жүйесі берік орнады. Сенім түсінігі мынадай. Ана құрсағынан туған нәресте жаны әу бастан белгілі-бір жануар тотемін бойына сіңіре дүниесі есігін ашады, нәресте жанының егесі қырық күн аралығына дейін тотем. Қырық күн өткен соң ғана өлілер әлемінде жүрген бала жаны өз орнына жайғасады, нәресте жаны тотемнен айырылады. Бұл жердегі тотем бейнесі ит баласының тотемі. Ит мінезінен айырылу, иттің баласы сөздерінің шығу тегі осыдан бастау алады. Мұндай сенімнің қалыптасуына адам мен ит арасындағы санжылдық шаруашылық байланыс негіз болса керекті.

Нәресте жанының тотем бейнесінен айырылуын мынадай жөн-жоралғылармен байланыстырамыз. Біріншіден ит аяққа құйылған сумен бала денесін жуындыру рәсімі осы мезетте нәрестенің ит мінезін айырылуын тілеген сөз тіркестері де қатар қолданылады. Анығында бұл жердегі ит аяқ деп отқанымыз иттің ас ішуіне арналған табақ. Мұны ескерсек исламдық мәдениетке тән түсініктерге сәйкес лас саналатын ит, түркілік мәдениет түсінігінде отбасын зұлым күштерден қорғаушы, сақтаушы функциясын атқарушы басты мифологиялық күш болғанын жоққа шығармауымыз керек.

Екіншіден нәресте денесіне киілетін киімнің ит көйлек аталуы және аталып отқан киімнің ит мойнына байлап жіберу рәсімінің түсіндірмесі. Рәсімнің мәні мынада, түркілік мифологиялық сенім түсінігі бойынша ит көйлек деп дегеніміз ит баласы тотемінің сыртқы бейнесі. Ит көйлекті ит мойнына байлап жіберу арқылы тотем бейнесі нәресте жанынан босайды. Тотем өзің мифологиялық түсініктегі сақтаушы, қорғаушы қызметін атқарып бітті ендігі кезекте тотем орнына бала жаны келіп орнығады. Ит баласының тотемі жоғалып кетпейді

иткөйлек арқылы ит жанына барып орнығыды. Мұның ғылым түсіндірмесі антропоморфизм, жас нәресте бойындағы тенгри (иттің баласы) киім арқылы иткөйлек байланған ит бойына дарыды.

Үшіншіден шідехана тұсында нәресте тырнағының, шашының алынуы. Мұндағы нәрстенің аталып отқан дене бөліктері ит тотемінің сыртқы бейнесі деп сипатталады. Аталған дене бөліктерінен арылу ит баласы тотемінің нәресте бойынан айырылу мәніне толысады.

Қазақ қағамындағы иттің баласы деп қолданылатын сөз тіркесінің шығу тегі осында, алайда бұл сөздің қолданылу аясы кәзіргі күндегідей негативті формада емес, аталып отырған жас баланың ішкі жан-дүниесі ит жануарының болмысы секілді ақылды, адал, қағамға бейімделгіш және т.б. түрдегі жағымды мінез-құлық формаларын сіңірсін, деген мағынада қолданылған. Кәзіргі күнге дейін бұл сөз өзінің шынайы идеялық формасын жоғалтты.

Атап өтерлік тағы бір жайт қазақ салт дәстүрін де жаңа түскен келін отқа май құю және т.б. рәсімдерді өткізгеннен кейін, артынша үй итіне дәм татқызып, тілек білдірген. Тілектің мазмұны мынадай: Сен секілді құрсақты (плодавитая) болайын не болмаса жаңа отбасына тезірек сіңісіп, адал, сенімді мүшесіне айналайын, нәрестемнің болмысына иттің жүйріктігі, ақылының озықтығы жұғып, ит баласы секілді тез бауырын ерте көтерсін. Жаңа келін өзінің алғашқы күндерінде отбасы мүшелерімен бір-біріне бейімделу барысында өзін ыңғайсыз, ұялы сезінетін кездерде, оған дәстүрлі түрде қиыншылықтарды жеңуге көмек көрсететін мінез-құлық формасы сипатында түсіндіріледі [11].

Сонымен қатар қазақ жүздерінің ішінде Ит елі атауымен берілген ру бар шежіре бойынша, Орта жүз құрамындағы керей тайпасының абақ керей тармағынан таралған.

Қорыта айтқанда ит тотемі – ұмытылған мифология, алайда кәзіргі күнге дейін жеткен сөз тіркестері (ит мінезінен айырылу, иттің баласы), салт-жоралар (ит мойнына иткөйлек байлау), аңыз әңгімелер арқылы бұл түркілік сенімдердің, салт-жоралардың мифологиялық мәнін ашып отырмыз. Итке байланысты салт-дәстүрлер ежелгі тотемдік сенімдерден бастау алып, итті адалдық пен қорғаныштың символы ретінде құрметтеумен астасады. Түркілік дүниетанымда ана мен баланы мифологиялық күштерден қорғау, отбасылық үйлесімді сақтау ерекше мәнге ие. Уақыт өте бұл нанымдар исламдық түсініктермен бірігіп, жаңа мәдени мазмұнға толығып, бүгінге дейін сақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Наурызбаева З. Вечное Небо казахов. - Алматы: СаҒа, 2013г. – 740 с.
- 2 Қондыбай С., Наурызбай З. Мифология предказахов. Книга третья. - Алматы: СаҒа, 2008г. – 436 с.
- 3 Қондыбай С., Наурызбай З. Мифология предказахов. Книга четвертая. - Алматы: СаҒа, 2014. – 531 с.
- 4 <https://egemen.kz>
- 5 <https://vk.com>
- 6 Наурызбаева З. Инициация и призвание человека в тенгрианстве Глава 1. Понятие инициаций.// otuken.kz. 2003. № 13 (93). С. 27-29.
- 7 Қондыбай С. Мифологический образ собаки. // otuken.kz. 2003. № 29 (319). С. 14-17.
- 8 <https://kk.wikipedia.org>
- 9 <https://otuken.kz>
- 10 Наурызбаева З. К вопросу об институтах инициаций в казахской традиционной культуре.// otuken.kz. 2004 г.
- 11 <https://www.youtube.com>

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Азанбай Б.Д.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. Амрина М.С.

М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық заң университеті

Астана қ.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жарияланғаннан бергі мерзімде мемлекетіміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан айқындалып, бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттерінің бірі – «тарихи ілім-білімнің негізгі нысаналарын айқындау» болып отыр. Сонымен бірге жаңа Қазақстан үшін келесі он жылдықтағы елді жаңарту стратегиясын іске асырудың өзектілігі бірінші кезекте білімнің, ғылымның сапасымен анықталатыны белгілі. Қазақстанның қоғамдық өміріндегі білім саласында болып жатқан батыл өзгерістер-тарихи білімге деген қызығушылықты арттырып отыр. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты дамуы өткен тарихты объективті тұрғыдан жалғастыра білумен байланысты болса, оның болашағы да тарихтың шынайылығымен анықталады. Міне осындай өткен тарихты зерделеудегі маңызды сұрақтардың қатарында далалық ауызша тарихнама немесе тарихты ауызша баяндаудың ұрпақтан ұрпаққа жеткен дәстүрінің маңыздылығы, мәні зор [1].